

ӘӨЖ 331.526

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ БЕТАЛЫСЫ**

**Рыскулова Ж.О., Жанабаева Ж.К.,**  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында, кез келген мемлекет еңбек нарығын ынталандыру әрі кеңейту және еңбек ресурстарына тиімді жағдайларды ұсыну арқылы өзінің экономикалық белсенділігі деңгейін ұлғайтады.

Еңбек нарығы әлеуметтік-экономикалық механизм ретінде нарықтың басқа түрлерінен едәуір ерекшеленеді. Тауар нарықтары, әдетте, тепе-теңдікке ұмтылған динамикалық күйде болады. Бірқатар ауытқу факторларына қарамастан, көптеген тауарлардың нарықтарында сұраныс пен ұсыныс бағалар арқылы теңестіріледі. Олармен салыстырғанда, еңбек нарықтарындағы тепе-теңсіздік қалыпты жағдай болып табылады, ал сұраныс пен ұсыныстың сәйкес келуі сирек кездесетін, қысқа мерзімді және тұрақсыз жағдай ретінде қарастырылады.

Қазақстан экономикасының нақты секторында болған оң өзгерістердің нәтижесінде еңбек нарығында едәуір өзгерістер болды. Халықтың жұмыспен қамтылуы еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың әсерінен қалыптаса бастады. Өтпелі кезеңнің алғашқы жылдарында еңбек нарығының жағдайы жұмысбасты халық санының төмендеуімен сипатталды. Экономиканың

дамуының басталуы жұмысбастылыққа жаңа серпін берді. 1996 жылдан бастап еңбек нарығындағы тұрақтылық, өндірістегі тоқыраудың азаюы және мәжбүрлі еңбек демалысында немесе толық емес жұмыс күні режимінде жұмыс істейтін жұмыскерлердің өндіріске толығымен тартылуы байқалды. 1999 жылдан бастап жұмысбасты халық санының тұрақты өсуі және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалды.

ҚР еңбек нарығының талдамасы көрсеткендей, 2019 жылы экономикалық белсенді халық саны 9,22 млн адамды құрады, оның ішінде 8,8 млн адам жұмыспен қамтылғандар, 0,4 млн адам жұмыссыздар деп жіктелді. Еңбек нарығындағы жағдайды тұрақтандыруға бағыттала отырып, қабылданған Мемлекеттік бағдарламалардың арқасында жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі бүгінде 3,7% -ға дейін төмендеді.

Мемлекеттің экономикалық даму деңгейінің көрсеткіштерінің бірі - экономика салалары бойынша жұмыспен қамту құрылымы. Еңбек нарығында құрылымдық өзгерістердің орын алуына септігін тигізетін қайта құрылымдаудың негізгі факторларына тауарлар мен қызметтерді шығару құрылымындағы өзгерістер жатады.

2019 жылы Қазақстандағы халықтың көп бөлігі көтерме және бөлшек саудада (16,3%), ауыл, орман және балық шаруашылығында (13,5%), білім беруде (12,6%) жұмыспен қамтылды. Жұмысбастылықтың 2%-дан төмен деңгейі сумен жабдықтау және электрмен жабдықтау саласында орын алды. Осы орайда жұмыс орындарын беретін басты жұмыс көздеріне мыналар кірді: қаржылық және сақтандыру қызметі; кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, көтерме-бөлшек сауда; білім беру. Сондай-ақ денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер, көлік және қоймаландыру, ақпарат және байланыс қызметкерлерінің саны да өсті.

1-кесте

**Білім деңгейі бойынша Қазақстан Республикасының экономикалық белсенді халқы, 2017-2019 жж.**

Көрсеткіш атауы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	Абсолютті ауытқуы (+,-)	
				2018/2017	2019/2018
Экономикалық белсенді халық, мың адам	9027,4	9138,6	9221,5	111,2	82,9
Оның ішінде білімі барлар:					
- жоғары	131,7	137,6	122,5	5,9	-15,1
- аяқталмаған жоғары	3362,2	3487,8	3445,2	125,6	-42,6
- орта кәсіби (арнайы)	3375,6	3649,5	3890,8	273,9	241,3
- бастауыш кәсіби	391,1	437,7	415,0	46,6	-22,7
- жалпы орта	1643,7	1329,8	1261,5	-313,9	-68,3
- негізгі орта	117,0	91,0	81,0	-26,0	-10,0
- жалпы бастауыш	6,1	5,2	5,5	-0,9	0,3

Талдау көрсеткендей, соңғы үш жылда экономикалық белсенді халықтың көп бөлігін орта кәсіптік білімі бар адамдар алды, олар 2019 жылғы жұмыс күшінің құрылымында 42,2%-ды құрады, ал жоғары білімі бар (11%-ға) және бастауыш кәсіби білімі бар (5,2%-ға) экономикалық белсенді халықтың саны айтарлықтай азайды [1].

Қазақстанның және оның аймақтық еңбек нарығының басым бөлігінің ерекшелігі - бұл өзін-өзі жұмыспен қамтудың өте жоғары деңгейі, бұл негізінен ауыл тұрғындарының жасырын жұмыссыздығын бүркемелейді. Ауылдық аймақтарда өзін-өзі жұмыспен қамту басым: 2,4 миллион адамның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 70% -ы ауылдық жерлерде тұрады және бұл үлес тұрақты болып табылады.

Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандар шағын кәсіпкерліктің барлық түрлерінде жұмыс істейтіндермен салыстырғанда үштен бірге көбірек. Аймақтар экономикадағы жалпы жұмысбастылықтың үлесі ретінде есептелетін өзін-өзі жұмыспен қамтудың таралуымен айтарлықтай ерекшеленеді. Ол ірі қалаларда, республиканың батысындағы екі жетекші мұнай-газ аймағында, сондай-ақ ең урбанизацияланған және индустриалды Қарағанды облысында және экономикасының құрылымы бойынша оған жақын Павлодарда көп емес. Бұл аймақтарда жалдамалы жұмыс күші басым, ол жұмыскерлерге әлеуметтік кепілдіктерді және шағын кәсіпкерліктің әр түрлі нысандарын қамтамасыз етеді. Қазақстанның басқа облыстарында өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі елдегі орташа деңгейге тең немесе одан жоғары [2].

Өзін-өзі жұмыспен қамтудың айтарлықтай төмендеуі Қазақстанның бюджеттік секторында және өнеркәсібінде жаңа жұмыс орындары жылдам қалыптасқан, жалдамалы жұмыспен қамту кеңейтілген ірі қалалары мен индустриалды облыстарында ғана орын алғанын атап өтуге болады. Қалған аймақтардағы жағдай жұмыс күшінің өскелең ұсынысынан және жаңа жұмыс орындарының аздығынан жақсара қоймады. Өзін-өзі жұмыспен қамтудың өте жоғары деңгейі республиканың орташа және әлсіз дамыған аймақтарының еңбек нарығының проблемаларын көрсетеді. Бір жағынан, өзін-өзі жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін төмендетсе, бірақ та екінші жағынан, аймақтардағы адами капиталдың өсуін тежейді.

Қалалық өзін-өзі жұмыспен қамту құрамында қызметтер үлесі басым болып келеді, ал ірі қалаларда бизнес иелері мен еркін мамандықтағы тұлғалардың үлесі объективті түрде өсуде. Жалпы алғанда, ауылдағы өзін-өзі жұмыспен қамту да жоғары қарқынмен өсуге бейім, ал өзін-өзі жұмыспен қамту трендтері біртекті емес және жергілікті жағдайларға байланысты болады.

Статистика көрсеткендей, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың негізгі бөлігін әйелдер мен жастар қамтиды. Бүгінде дәл осы адамдар мемлекет ұсынатын әлеуметтік қызметтермен және кепілдіктермен жеткілікті дәрежеде қамтылмаған. Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі елдің экономикалық дамуы үшін маңызды сын-қатерлерді туындатады.

Қазақстандағы трансформациялық өзгерістерді неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеу елдегі реформалардың онжылдығында еңбек әлеуетінің құнсыздануы

болғанын көрсетті. Жұмыскерлердің едәуір бөлігінің еңбек табысының төмен деңгейі оларды қосымша күнкөріс көздерін іздеуге, кез-келген еңбек жағдайларымен келісуге мәжбүрлейді.

Бүгінде еңбек нарығындағы жағдай өте күрделі. Коронавирус Қазақстандағы еңбек нарығына айтарлықтай түзетулер енгізіп, жұмыспен қамту саласындағы белсенділікті айтарлықтай әлсіретті. Нарық құрылымы өзгерді, шағын және орта бизнес біртіндеп жойылып, туристік сала орасан зор шығындарға ұшырады. Салалар тұрғысында ең үлкен соққы қызмет көрсету саласына тиді, ол соңғы жылдары экономикадағы жұмыспен қамтуда өзінің маңыздылығын күшейтіп келе жатқан еді. Ресми мәліметтерге сәйкес, жұмыссыздық деңгейі 2020 жылдың екінші тоқсанында, уақытша жұмысбасты емес тұлғалар санының өсуін ескере отырып, 5%-ға дейін өсті.

COVID-19 пандемиясының ағымдағы жағдайында еңбек нарығында сын-қатерлер мен жағымсыз салдар сақталуда. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов атап өткендей: «Коронавирустың екінші толқыны және шектеу шаралары қабылданған жағдайда 2,2 миллион адам қолдауды қажет етуі мүмкін. Болжам бойынша, жұмыспен қамтылған халықтың жартысына жуығы, яғни 4 миллион адам, өзінің жұмыс режимін сақтай алады. Негізінен, бұл ауыл шаруашылығы, құрылыс, өнеркәсіп және денсаулық сақтау салаларында жұмыс істейтін адамдар. 2,5 миллионға жуық адам жұмыстың қашықтық режиміне ауыса алады».

Осылайша, жүргізілген талдау Қазақстандағы еңбек нарығының қазіргі жағдайы келесі негізгі белгілерді сипаттайды деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- тиімсіз жұмыспен қамтудың кең таралуы, жұмыскерлердің жалпы санында қызметтің жоғары технологиялық және ғылыми сыйымды түрлерінде жұмыс істейтіндер үлесінің азаюы;

- макроэкономикалық қайта құруларға теңбе-тең еңбек ресурстарының тиімді жұмыс істейтін нарықтық механизмінің жоқтығы;

- жұмыскерлердің кірісі мен кәсіби деңгейі арасында нақты байланыстың болмауына, олардың бейресми жұмысбастылыққа ағылып кетуіне байланысты жоғары білікті кадрлардың біліктілікті жоғалтуы;

- білікті жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың арасындағы алшақтықтың өсуі;

- қолданыстағы жұмыс орындарының сапалық сипаттамаларының нашарлауы және жаңаларының баяу құрылуы;

- кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің жұмыс күшіне деген сұраныстың өзгеруіне жеткіліксіз түрде икемді ықпал етпеуі;

- ел ішінде жұмыс күшінің стихиялы еңбек көші-қонының болуы;

- жұмыссыздарды талап етілетін мамандықтар бойынша жедел қайта оқыту мүмкіндігінің болмауы;

- COVID-19 пандемиясы туындатқан дағдарыс жағдайында Қазақстандағы еңбек нарығының тиімді жұмыс істеуге дайын болмауы.

Сондықтан, Мемлекет макроэкономикалық реттеу құралдарын қолдана отырып, барлық азаматтарға олардың жұмысқа деген қабілеттілігін жүзеге

асыруда қолайлы жағдайлар жасауға, жұмыс күшінің кәсіби ұтқырлығын арттыруға, оның жоғары бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға, сонымен қатар жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық шығындарын барынша азайтуға үндейді.

ҚР еңбек нарығын мемлекеттік реттеу шеңберіндегі негізгі міндеттер: экономика салаларының білікті кадрларға деген қажеттіліктерін болжаудың тиімділігін қамтамасыз ету, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың тиімді жұмысбастылығын арттыру. Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру аясында кәсіпкерлік сектордағы тұрақты жұмыс орындарын құруға айрықша назар аудару керек, жастардың тәжірибесі мен қоғамдық жұмыстар бойынша жұмыс орындарын субсидиялау бойынша шығындар ұлғайтылды, жаһандық дағдарыс жағдайында ықтимал теріс салдары азайтылуы тиіс.

Бұл міндеттерді шешу құрылымдық және инвестициялық саясаттан, әлеуметтік бағдарламалардан, кірістер саясатынан және т.б. оқшауланған түрде жүзеге асырыла алмайды. Сонымен қатар, жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік реттеу елдегі әлеуметтік-экономикалық қайта құруларға белсенді ықпал етеді, өйткені жұмыссыздықтың өсуі экономикалық дамудың тоқырауының және қоғамдағы әлеуметтік тұрақсыздықтың ең маңызды факторларының бірі болуы мүмкін.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Статистический сборник. Агентство Республики Казахстан по статистике/Под редакцией Смаилова А. – Астана, 2017. – 234 с.

2. Экономическая активность населения Казахстана. Статистический сборник / 2011 - 376 с. Под редакцией А.Смаилова.

3. Как коронавирус влияет на рынок труда и сколько человек могут потерять работу при возможной второй волне. kz [https://www.inform.kz/ru/kak-koronavirus-vliyaet-na-rynok-truda-i-skol-ko-chelovek-mogut-poteryat-rabotu-pri-vozmozhnoy-vtoroy-volne\\_a3698544](https://www.inform.kz/ru/kak-koronavirus-vliyaet-na-rynok-truda-i-skol-ko-chelovek-mogut-poteryat-rabotu-pri-vozmozhnoy-vtoroy-volne_a3698544)